

Атом энергиясы саласында жеке кәсіпкерлік саласындағы субъектілердің тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі төрағасының 2012 жылғы 14 қарашадағы № 23-пр және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 20 қарашадағы № 310 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 24 желтоқсанда № 8216 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 5 тамыздағы № 513 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 608 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 05.08.2015 № 513 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.08.2015 № 608 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

«Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 сәуірдегі Заңы 8-бабының 11-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңы 13-бабының 3-тармағына

Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :

1. Қоса беріліп отырған атом энергиясы саласында жеке кәсіпкерлік саласындағы субъектілердің тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің Қауіпсіздік жөніндегі инспекторат-департаменті (А.А. Ким):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуінен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми түрде жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің ресми интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. «Атом энергиясы саласында жеке кәсіпкерлік саласындағы субъектілердің тексеру парағының нысанын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7246 болып тіркелген, 2011 жылғы 27 қазанда № 517 (26909) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) Қазақстан

Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрі міндетін атқарушының 2011 жылғы 15 қыркүйектегі № 323 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму сауда министрі міндетін атқарушының 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 311 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің Қауіпсіздік жөніндегі инспекторат-департаментінің директоры А.А. Кимге жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Атом энергиясы агенттігінің
төрағасы

Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму

және сауда министрі

Т. Жанткин

Е. Досаев

Қазақстан

Республикасы

Атом

энергиясы

агенттігі

төрағасының

2012

жылғы

14

қарашадағы

№ 23 - пр

Қазақстан

Республикасы

Экономикалық

даму

және

сауда

министрінің

2012

жылғы

20

қарашадағы

№ 310

бірлескен

бұйрығымен

бекітілген

Нысан

Атом энергиясы саласында жеке кәсіпкерлік саласындағы субъектілердің тексеру парағы

Органның атауы: _____

Тексеруді тағайындау туралы акті: _____

Тексерілетін субъектінің атауы: _____

Ұйымның мекенжайы: _____

| Р/с № | Талаптар | Сәйкестігі | | Ескерту |
|-------|----------|------------|-----|---|
| | | ия | жоқ | |
| 1. | | | | «Атом энергиясын пайдалану саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылаты біліктілік талаптарын бекіту туралы» |

| | | | |
|----|---|--|--|
| | Атом энергиясын пайдалану саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі | | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 наурыздағы № 270 қаулысы |
| 2. | Жүйелер мен жабдықтардың техникалық параметрлерінің, оларды пайдалану жағдайларының «Атом станцияларының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігі | | «Атом станцияларының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 683 қаулысы |
| 3. | Жүйелер мен жабдықтардың техникалық параметрлерінің, оларды пайдалану жағдайларының «Зерттеуші ядролық қондырғыларының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігі | | «Ядролық зерттеу қондырғыларының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 684 қаулысы |
| 4. | Жүйелер мен жабдықтардың техникалық параметрлерінің, оларды пайдалану жағдайларының «Ядролық және радиациялық қауіпсіздік» техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігі | | «Ядролық және радиациялық қауіпсіздік» техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 шілдедегі № 768 қаулысы |
| 5. | Атом энергиясын пайдаланатын объектілер жұмысшыларының жеке дозаларын есепке алуды қамтамасыз ету | | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 3 ақпандағы № 202 қаулысымен бекітілген Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды 8-тармағының 7-тармақшасы |
| 6. | Радиоактивті қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету | | «Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 13-бабы |
| 7. | Ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды физикалық қорғауды қамтамасыз ету | | «Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 14-бабы |
| 8. | Ядролық материалдар мен иондандаушы сәулелер шығару көздерін есепке алуды қамтамасыз ету | | «Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 15-бабы |
| 9. | Авариялық әзірлікті қамтамасыз ету | | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 3 ақпандағы № 202 қаулысымен бекітілген «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды 325-тармағы |